



ТАРИХ, ЭТНОГРАФИЯ ◆ ИСТОРИЯ, ЭТНОГРАФИЯ

Картаева Т.Е.

**СЫР БОЙЫНДАҒЫ
ЕГІНШІЛІК
(XIX ғ. екінші жартысы)**

*В статье рассматривается
развитие земледелия в регионе
Сырдарьи во второй
половине XIX века.*

*The Development of agriculture
in the region of the river Syrdarya
in the XIX century is considered in the
article.*

Егіншілік Қазақстан территориясында өмір сүрген ежелгі тайпалардың мал өсірумен қатар дамытқан негізгі кәсібі болды. Оңтүстік Қазақстан аудандарында, Сырдария, Шу, Талас, Арыс өзендерінің бойында, Қаратай жотасы баурайларында, табиғи су қоймалары мен шабындық алқаптары бар жерлердегі табигат жағдайлары бұл жерлерде ірі-ірі егіншілік қоныстарының пайда болуына себеп болды.

Б.Э.д. II ғасырдан б.Э. III ғасырлары арасында өмір сүрген қанлы тайпаларының Сырдың төменгі ағысы бойындағы қоныстарына жүргізілген зерттеу барысында археологтар дәндер мен астық камбаларының орнын тапқан. Еден сылагы мен қамкесектен сабан-топан қалдықтарының болғандығы, дән үккіштер мен астық сақтайтын қамбалардың көп кездесуі, жер өндійтін тас кетпендер, сүйектен жасалған орақтардың табылғандығы қанлы тайпалары арасында егіншіліктің әдеуір дамығандығын дәлелдейді. Б.Э. алғашқы ғасырларында егінді суару шектеулі көлемде жүргізілген, әдетте суды пайдалануға енбектің ең қарапайым әдістері қолданылды. Жетіасар мәдениетін құрайтын Сыр бойындағы қанлы тайпаларының қоныстарында көптеген жарма, арықтар іздері сақталған. Су үлкен каналдар арқылы кіші каналдарға құйылған және қала ішіне кіші каналдар арқылы барған. Қала іштерінде су қоймалары жасалып, бақша суаруға пайдаланылған. Археологиялық ескерткіштердегі егіншіліктің іздері Сыр бойында ертеде отырықшылық мәдениет болғанын дәлелдей түседі, әрі Сыр бойында егіншіліктің қалыптасу тарихы теренге саяды деуге болады.

Сыр бойында егіншіліктің кәсіп ретінде кеңінен өріс алуы XIX ғасырдың орта кезіне саяды. «Санкт-Петербургские ведомости» басылымының 1865 жылғы №266 санында жарияланған редакциялық мақалада Сырдария қазактарының отырықшылыққа ауысына Перовскіде фортының салынуы эсер еткен, - деп көр-



сетілген.

XIX ғасырдың 2-ші жартысында Қазақстандағы егіншіліктің дамуы қазақ шаруашылығында оның алдындағы уақытта болған ілгері басуашылықтар арқылы өзірленген еді. Бұл кезеңде егіншіліктің біршама кең еріс алған жері Сырдария өнірі болды.

XIX ғасырдың орта шенінде қазақтардың көрші отырышы егінші халықтармен және орыс қоныстанушыларымен мәдени-экономикалық байланыстарының күшесі, қазақ егіншілігінің дәрежесі мен аумағына, көршілерден агрономиялық тәсілдерді үйренуіне, егіншілік дақылдарын таңдаудына, егіншілік өнімдердің шаруашылық және басқа мақсаттарға орынды пайдалануға айтартылған етті. Мал апата на соктыратын індептер мен жұттың болуы мал шығынын арттыра түсті, малы азайған қазақтар көшпелілікten қол үзіп, егіншілікпен айналысуға мәжбүр болды.

Халықтың егіншілік қажеттерін қанағаттандыруға Қазақстандағы Сырдария, Қуандария, Жанадария, Арыс, Сарысу, Келес, Талас, Шу сияқты өзендерінің суы жеткіліксіз болды. Сол себепті халық өзендерден құрғақ далаға арықтар тартты. Арық қазуға кейде бір рулы ел толық кіріскең. Үлкен арықтар қазу ісі бірнеше жылға созылған.

XIX ғасырдың 2-ші жартысында Қазалы уезінде жергілікті халық Жанкент сияқты қираған қалалар, ескі қоныстарға апаратын арықтарды тазартып, аршип қалпына келтіру жұмыстарына кірісті. Истін барысы Н.Маевтың мақаласында байнадалды: «Бірқазан арығы Қазалыдан 45 шақырым жердегі Сырдарияның сол жағынан тартылды, ұзындығы 11 аршын, Сырдан басталатын көзінің ені 17 аршын, бара-бара 14 аршынға қысқарды. Қөлемі 50 шақырымдай арық Бірқазан көліне құяды. Арықты тазалау жұмысы 1876 жылы басталды, 1878 жылы 10000 пұт астық егілді. Баужиде арығының ұзындығы 65 аршын, ені 9 аршын. Баужидеге параллель жатқан ұзындығы 6 шақырым егістікке тары егілді. Бұл екі арық 2500 пұт астық дәні егілетін жерді суаруға мүмкіндік береді. Ергерек арығының құрылышына 1878 жылы 4000 адам, 1879 жылы 2000 адам тартылды. 1878 жылы Ергерек алқабына 3 мың пұт әртүрлі астық дәні егіліп, 1879 жылы 5000 пұт астық дәні егілді. Жанкент шаһарына апаратын ұзындығы 30 шақырым, ені 9 аршын болатын арық ашылып, арық 5000 пұт дән себілген егістікті суарды» [1.86].

Осындағы ескі арықтардың қалпына келтіріп, ашып, су жүргізу ісі Жөлек елді мекенінде де қолға алынған. Бұл бастама туралы А.Дятковтың мақаласында Өзек, Кеккөрім, Төменарық арықтары мен Шиелі каналының қайта қалпына келтірілгендігі және Жөлек болыстырындағы егістік алқаптарындағы суландыру шараларының нәтиже-лері айтылды [2.54]. Осы мақалада Сыр өнірі қазақтарының қалай отырышыланып жатқандығы, Сорқұдықтан Шиеліге дейінгі 40 десятина, Перовск уезіндегі қазақтардың 10 десятина жерлерді өндеп, егістік алқапқа айналдырғандығын мәлім етеді.

Арықтарды қолдан қазу, ескі арықтардың қалпына келтіру ісі XX ғасырдың бас кезінде де жалғасты.

«Сырдарынский бассейн и его будущее значение» атты мақалада Жамандария мен Қараөзек аралығындағы 80 шақырым жерге созылып жатқан жерді Жамандариядан тартылатын Кетпенсу, Қараарық арықтары, Бірқазан, Бесарна арналары және Ақжуректен Қазалының батысына дейінгі аралықтардағы жерлерді игеру мәселесі көтерілді және көріз, бөгеттер, көпірлер салу керектігі де айтылды [3.2-3].

Сыр өніріндегі егіншіліктің қалыптасуы жайында А.Макшеевтің еңбегінде: «Сырдария қазақтары егіншілер мен көшпелілерге бөлінеді. ... Егіншілік құралдары қарапайым, ағаш және темір соқалармен жер жыртады. Егінді оракпен, қолмен жинайды. Жылқы, өгіз көмегімен тас диірменде дән тазартылады. Перовск форты мен Жөлек аралығында су және тас диірмендер кездеседі. ... Сыр өзенінің төменгі ағысы



бойында арпа, сұлты, тары, қызыл жүгери, ақ жүгери және қауын, қарбыз өсіріледі», - дей отырып, Сырдың төменгі бойында 2 мындағы егінші шаңырағы барын көрсетеді [4.64-67].

Сырдарияның Қараөзек сағасы бойы егіншілікті дамытуға аса қолайсыз болса да, суармалы егіншілік үшін Қараөзектен тартылған арықтар маңызды рөл атқарды. Арық қазу ісі аса жауапкершілікті талап еткен. Арық қазу кезінде адамдарды жұмылдыру, үйымдастыру, оларды басқару үшін - *ақсақал*, суды пайдалануға басшылық жасайтын - *мұрап*, арық құрылышы мен техникасын қадағалайтын - *шабакашы* сайланды. Арық құрылышы аяқталғаннан кейін, көбіне арық қазу ісін басқарған ақсақал атымен аталағы кететін.

Егіншілік алқаптарды суаруға Куандария, Жанадария сияқты табиғи су көздері және суармалы техникалар пайдаланылды. Суармалы егіншілікті жузеге асырудың ең тиімді жолы шығыр қондыру болды. Су көтеретін құмыралар қондырылған ағаш дөңгелек екі тісті қондырығының көмегімен, өгіз немесе түйенің көмегімен айналдырылды. Сыр бойында ең қарапайым жасалған шығырдың құны 30 сомды құраған екен [5.104].

Сыр қазақтары тары егүге ерекше мән берген. Тары өнімді жақсы берген, әрі аса ерекше күтімді қажет етпейтін өнім. Жазда жеті ретке дейін суарған, өнімнің өсуі 80 күнге созылған. Арпа мен бидай өсіру ісі XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, бұрынғыга қарағанда қарқынданай бастады. Оған орыс қоныстанушыларының да келуі әсер етті. Арпа мен бидайдың пісіп, өнім беруі 100 күнге созылған.

Орыс әскери статистерінің зерттеуі бойынша 1860 жылдары Сыр бойының 3000 десятина жерінде егін салынып, одан 200000 пүттай өнім жиналған. Бұл көздері Сыр бойындағы егіншіліктің басты алқаптары Куандарияның төменгі ағысында, № 1-ші форт маңындағы Ақирек, Қамыстыбас көлдері бойында, Перовск форты маңындағы Сырдарияның екі жақ бетінен Жөлекке дейінгі аралықта болды. Перовск форты маңында Баужиде, Бірқазан, Жанаарық, Келтеарық, Тасарық, Опқанды, Желбан, Қаралан, Бұсырман, Ұзынарық арықтарының бойында, Бірқазан мен Бесарна сағаларының аралығындағы Қан сайында, Батпақеткел өткелі бойында, Қаракөл, Бірқазан, Сарыкөл, Ашы көлдері анғарында егіншілік атыздары болды.

Инженер-капитан Старковтың мәліметі бойынша, 1860 жылы жалпы Сыр бойында 10295 егінші отбасы болған, 20600 десятина жерге 82400 пүт егін салынып, одан 2 163 000 пүт өнім алған. Тек №1-ші форт маңындағы Ақирек алқабында 800 десятина егін атызы болған [5.107-108]. Ал, әскери кеңесші Осмоловскийдің есептеуі бойынша, Перовск фортынан №2-ші форт аралығында 1857 жылы – 2472, 1858 жылы – 3324, 1859 жылы – 5228, 1860 жылы – 4000 отбасы егін салған. Осмоловскийдің көмекшісі әскер старшинасы Карамышевтің есептеуінше, №1-ші форт өнірінде 1858 жылы – 7650, 1859 – 6872, 1860 – 4350 шаңырақ егін салған. Бұл екі әскери информанттың мәліметінен байқағанымыз 1860 жылы егін еккен қазақтар санының азауы. Бұл сол жылдардағы құргақшылық пен шегірткенің қаптауынан егіннің шықпауымен байланысты. 1860 жылы Сырдария бойында орта есеппен жалпы саны 8000 егінші шаңырағы болса, 1861 жылы олардың саны 6500-ге қысқарған. 1862 жылы егін салуға табиғаттың қолайлы болуына байланысты егін салушылардың саны өсіп, Перовск форты өнірінде – 4051, №1-ші форт маңында – 4022, барлығы – 8073 егінші шаңырағы болған. 1862 жылы 35215 десятина жерге – тары, 1209 десятина жерге – арпа, 569 десятина жерге – бидай, 282 десятина жерге – қара бидай арыс егілген [5.109-110]. Қара бидайды жергілікті қазақтар арыс деген.



1860-1862 жылдардағы Сыр бойындағы егіншілік корсеткіші

Кесте 1.

	Штабс-капитан Старковтын мәліметі, 1860 ж.	Оスマловский мен Кармышевтін мәліметі, 1861 г.	Сырдария линиясы эскерилерінің есебі, 1862 ж.	Орта есебі
Егінші шаңырағы	10295	8350	8073	8827
Тары Арпа Бидай Қара бидай	10300 десятина 5150 десятина 5150 десятина -	{58550 десятина 51 150 - // - -}	32 215 десятина 1 209 - // - 569 282	34688 дес 10694 // - 10488 // - 282

1863 жылғы эскери мәліметті негізге алсақ, Перовск уезінде - 4215 егінші отбасы болып, 18520 десятина жерге - тары, 7400 десятина жерге - арпа, 632 десятина жерге - бидай, барлығы - 26 552 десятина жерге егін егілген.

Ал, № 1-ші форт өнірінде 5975 десятина жерге - тары, 1823 десятина жерге - арпа, 688 десятина жерге - бидай, 292 десятина жерге - арыш, барлығы - 8778 десятина жерге егін салынды. №1-ші форт егістіктерінен 5975 пүт тарыдан – 100390 пүт өнім, 12762 пүт арпадан – 70749 пүт өнім, 4820 пүт бидайдан - 28 222 пүт өнім, 1090 пүт қара бидайдан – 11 659 пүт өнім жиналған [5.111].

Сыр бойының қазақтары қауын, қарбыз өсіретіндігі жайлы мәлімет те эскери статистикалық кітаптан табылады. 1863 жылды Перовск өнірінде қауын, қарбыз егілген шамамен 500 десятинадай жерді алған [5.119].

1870 жылды Түркістан статистикалық комитеті жинақтаған мәліметті негізге алсақ 1870 жылды Перовск уезінен барлығы 6947 қазақ шаңырағы егіншілікті, ал 20 018 шаңырақ көшпелі мал шаруашылығын көсіп еткен.

1870 жылғы Перовск уезіндегі қазақ ауылдары [6.118]

Кесте 2

Болыстар	Ауыл саны	Шаңырақ саны	Егіншілікпен айналысады шаңырактар
Жанақорған	15	3083	768
Жөлек	14	2740	1030
Кентүб	12	2076	855
Царская	-	2141	614
Шаған	11	2192	-
Жомарт	9	1495	663
Байдызак	11	1827	807
Қармақшы	10	1627	375
Қысбөгет	10	1779	221
Аққыр	6	1058	363
Сарышығанақ	-	-	1091
Жанадария	-	-	170
Барлығы	98	20 018	6947

В.В.Радлов А. Макшесов дерегіне сүйене отырып, Қазалы уезінде 4000 шаңырақ, Перовск уезінен 6000 шаңырақ егіншілікпен айналысады деген [7.115]. Бұл жерде В.В.Радлов 1860 жылдарды негізге алғып отыр.



«Түркестанцев» деген автордың мақаласында 1910 жылғы мәліметті негізге ала отырып, «Перовск уезінде – 3 173,4 мын пұт, жан басына шаққанда – 17,7 пұттан, Қазалы уезінде 3 161,9 пұт астық жиналған, жан басына 17,3 пұттан келеді» дедінген [8.3].

1910 жылы Қазалы уезінде жүргізілген ауыл шаруашылығы санағы бойынша Қазалыдағы 24223 қазак шаруашылығының 12088-і, яғни 50%-ы [9.39], ал, Перовск уезі тұрғындарының 80 %-ы егіншілікті қосалқы көсіп еткен [10.279].

Перовск уезінде жергілікті халық Сырдария өзені арнасының таситын уақытын егін етуге тиімді пайдалана білді. Г.Загряжскийдін Перовск уезі қарттарынан жазып алған мәліметі бойынша, су тасқыны уақытына қарай егін уақыты 7 кезенге бөлінген: соуір тасу – 25 наурыздан сәуірдін басына дейін, арпа мен бидай себілетін уақыт; гүл шалдық – мамырдың басынан 7 күнге созылады, бидай, арпа, жонышқаға су жіберіледі; гүл уақыт - ағаш гүлдейтін уақыт - мамырдың орта кезінен 15 күнге созылады, бидай, арпа, бақша және жонышқақты суарады; тайлак тасу – 5 және 10 маусым аралығында, судың қатты жылдамдықпен таситын уақыты, 10 күнге созылады, тары егілетін уақыт; шұлғау тасу – шілденін аяқ кезінен тамыздың басына дейін, астық жинауға қолайлы уақыт; қарақұйрық тасу – тамыздың 5-нен 5 күнге созылады, қарақамыстың гүлдейтін уақыты; сүмбіле тасу - тамыздың соны, жонышқа сұғаруға пайдаланылады [11.358]. Қазактың дәстүрлі этнографиясын нақтылауга дерек берер инфоманттардың қатары азая түсken қазіргі уақытта байырғы қазактардың ортасында болып, жазылып алынған осындай мақалалардың құндылығы, ғылыми танымдылығы арта түсетіні анық.

Егін шаруашылығына байланысты да өзіндік дәстүр, ырымдар қалыптасқан. Этнограф Ә. Диваев 1884 жылдары Сыр бойын арапаған сапарында Перовск уезінін қазағы Мақан Шықтыбаевтан көптеген ырымдарды жазып алып, 1895 жылы «Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области» жинағында және «Түркестанский сборник» жинағының 567 томында бастырған, солардың қатарында егіншілікке қатысты келесідей мәлімет бар: «Алладан жауын тілеу, жер көгерту үшін тасаттық беріледі. Егін егіп жаткан диканға етіп бара жатқан жүргінші «бір дәнін мын дән берсін», - деп амандасады. Егер диканнан біреу-міреу егістік үшін дән сұраса, ол мүмкіндігіне қарай сұраушыға береді. Дикан өз қырманының астығын алып, пайдалануға кірісерде «Дикан атанын» атына бағыштап, құраннан аят оқиды. Содан соң алғашқы елшем қайыр-садақаға, «аққұлаға» бөлінеді. Бұл міндетті түрде кешкісін оттын жарығымен жасалады, құндіз жасалмайды» [12.161,165-168]. Бұл ырымдардың барлығы астық мол болсын деген мақсатта жасалады.

Корыта айтқанда, XIX ғасырда Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы Перовск және Қазалы уездерінде егіншілік мал шаруашылығымен қатар дамыған көсіп болғанымен, мал шаруашылығы басым болды.

Әдебиеттер

1. Маев Н. Ирригационная работа в Казалинском уезде // Туркестанские ведомости. 1879, №22.
2. Дятков А. Киргизские нужды // Туркестанские ведомости. 1885, №114.
3. Сырдаринский бассейн и его будущее значение // Туркестанские ведомости. 1888, №51
4. Макшеев А. Описание низовьев Сыр-дарьи. – Спб., 1856.
5. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Ч.1. Киргизская степь Оренбургского ведомства. Составитель Л. Мейер. – Спб., 1865.
6. Ежегодник. Материалы для статистики Туркестанского края. Под. ред. Н.А.Маева. Вып. 1. Волости Перовского уезда (по сведениям организационной комиссии). - Спб., 1872.
7. Радлов В.В. Население Южной Сибири и Дзунгарии. Из Сибири. Страницы дневника. – М., 1989.
8. Туркестанцев. Земледелие в Сырдаринской области // Туркестанские ведомости. 1911, №86.
9. Материалы по киргизскому землепользованию. Казалинский уезд. – Ташкент, 1913.
10. Гаврилов Н. Переселенческое дело в Туркестанском крае. – Спб., 1911.
11. Загряжский Г. Очерки Перовского уезда // Туркестанские ведомости. 1903, №58.
12. Диваев Ә. Қазақ ырымдары // Тарту. – Алматы, 1992.